

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 24 мамырдағы № 216 бұйрығы

«Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңы 27-бабының және 50-бабының 2-тармақтарына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың көшірмесін қол қойылған күнінен бастап бір апталық мерзімде Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне қосу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы энергетика министрінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Министр

Қ. Бозымбаев

« К Е Л І С І Л Д І »

Қазақстан Республикасының
Ақпарат және коммуникациялар министрі

Д. Абаев

2016 жылғы 2 маусым

« К Е Л І С І Л Д І »

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі

Қ. Бишімбаев

2016 жылғы 31 мамыр

Қазақстан
Энергетика

Республикасы
министрінің

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің күші жойылған
кейбір бұйрықтарының тізбесі

1. «Энергетика ұйымдарының басшылары мен мамандарын аттестаттаудан өткізу әдістемесін, қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 10 наурыздағы № 184 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10829 тіркелген, 2015 жылғы 20 мамырда «Әділет» ақпараттық - құқықтық жүйесінде жарияланған).

2. «Электр энергетикасы саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 281 бұйрығының 1-тармағының 1), 2), 4), 5), 7), 8) тармақшалары (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11130 тіркелген, 2015 жылғы 24 маусымда «Әділет» ақпараттық - құқықтық жүйесінде жарияланған).

3. «Электр энергетикасы саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 28 мамырдағы сәуірдегі № 376 бұйрығының 1-тармағының 1), 2), 4), 5), 6), 7) тармақшалары (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11454 тіркелген, 2015 жылғы 22 шілдеде «Әділет» ақпараттық - құқықтық жүйесінде жарияланған).